

Жайдарлы жігіттермен әңгіме



«Европолис» жайдарман командасының капитаны Ескендір Сержанұлы – Индустриалды-технологиялық институтының 4-курс студенті. Оған қоса командада – Асланбек Ниязбай, Мирас Сахиев, Елжас Ғарифолла, Тілепберген Жұмағалиев (Политехникалық институтының 2 және 4-курс студенттері) және Әлжанов Бақытжан (Агротехнологиялық институтының 4-курс студенті) өнер көрсетеді.

Сұқбат барысында ең алдымен жігіттерден команданың құрылу тарихын, «Европолис» атауының қалай пайда болғанын сұраған болатынбыз.

- Команда болып ең алғаш рет университетішілік «Бірінші курс – 2021» байқауына қатысар кезде құрылды. Команданың да аты сол кезде пайда болды. Ол атауды Орал қаласының құрметіне қойдық. Яғни, Орал – Еуропа мен Азияны тоғыстырған қала. Және Қазақстан бойынша тек Орал қаласы Еуропаға кіреді. Сондықтан, кейде тіп-

ті біз Еуропаданбыз деп те мақтанып айтып жүреміз, - деді команда капитаны Ескендір.

Жалпы, жігіттердің көпшілігі «Жайдарман» ойындарына мектеп кезінен жақын екендерін айтты. Мектеп қабырғасынан, қалалық сайыстардан басталған бұл өнерлері – университетке келіп жалғасын тапқан.

Қазіргі таңда жігіттер – 2 және 4 курс студенттері. Оқуларыңызға жайдарман кедергі жасамай ма деген сұраққа жігіттер – «Жайдарман оқуға кедергі жаса-



майды, керісінше, оқу жайдарманға өнерлі жігіттер алдағы уақытта кедергі келтіреді» деп әзілмен жауап берді.

- Шын мәнінде, университет оқытушылары түсіністікпен қарайды. Сайысқа баратын болсақ міндетті түрде ұстаздарымызға ескертіп кетеміз. Оқу үлгеріміміз де жақсы. Кейде оқытушылардан сайысқа сұранған кезде, 1 орын алып келсең, 5 оғымда әзілді соңына дейін ойнап шығу ғана болды. Сөйтіп, ойын біткен соң ол қызға сөмкесін жөндеуге жігіттермен ақша жинап бердік.»

Өнерлі жігіттер алдағы уақытта жайдарманды оқумен қатар алып жүретіндіктерін айтты. Болашақта оқу бітірген соң да жайдарманды тастау ойларында жоқ екен. Біз де өз кезегімізде осындай жан-жақтылықтарын танытып, көп студенттің үлгісіне айналған жігіттердің әр бастамаларына сәттілік тілейміз. Жеңісті күндеріңіз көп болсын!

Анар НҰРЛАНҚЫЗЫ



Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ медиа орталығының директоры
Жансулу Сапашева

Бас маман
Ләззат Қажымова
Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеледі.
Газет АҚ «Кокше-Полиграфия» ЖК баспаханасында басылды. Ақмола облысы, Көкшетау қаласы.
Таралымы: 1000 дана. Тапсырыс: №2252
Газет айына 1 рет шығады. Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 227-бөлме
РББ Тел: 51-61-39, (1-42).
Zangar_zkaty@mail.ru